Исх. № 02-07/255 от 20.02.2026, Вход № 1499 от 23.02.2026

Түркістан облысы «Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатын қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Түркістан қаласы 20 ақпан 2026 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* «Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі - Басқарма)* 2026 жылғы 21 қаңтардағы №21/302 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды *(бұдан әрі - Қорытынды)* беру туралы өтінішхат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі - Қағида)* 2-тарауының 14-тармағын басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

1. Қазақстан Республикасыны «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

2. Басқарманың өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

- *Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер. (ТЖҚК: 829919.000.000009).*

Басқарманың өтінішхатында, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны – **код КАТО 610000000 – Түркістан облысы**.

3. Тапсырыс беруші – «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Әлеуетті жеткізуші – «Облыстық АИТВ - инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

БСН – 181240026048.

4. Жоспарланған қызметтердің тауар нарығын анықтау мақсатында, Департамент тарапынан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі – Статистика департаменті)* 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 03-12/58 хаты жолданды.

Статистика департаментінің 2025 жылғы 28 қаңтардағы №13-05-04/228 хатында, жоспарланған қызмет - *Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер. (ТЖҚК: 829919.000.000009)* - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне *(бұдан әрі-ЭҚЖЖ)* **«Денсаулық сақтау саласындағы басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қызмет» (ЭҚЖЖ коды 86.90.9)** ішкі кластарында жіктелетіндігі көрсетілген.

Бұл ішкі класқа: - ауруханалық ұйымдар және емдеуші дәрігерлер немесе стоматологтар жүзеге асырмайтын денсаулық сақтау саласындағы қызмет: медбикелердің, акушерлердің, физиотерапевттердің және оптометрия, гидротерапия, емдік массаж, еңбек терапиясы, сөйлеу жүйесінің ақауларын емдеу, аяққа емдік күтім жасау, гомеопатия, мануалдық терапия, инемен емдеу және т.б. саласындағы басқа да орта медицина персоналының қызметі кіреді. Бұл қызмет

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

түрлері кәсіпорындарда, мектептерде, қарттар үйлерінде, жұмыс ұйымдарында және өзге де бірлестіктерде жұмыс істеп тұрған медпункттерде, ауруханалардан басқа стационарлық емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке консультация беру кабинеттерінде, пациенттердің үйлерінде немесе басқа да жерлерде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ішкі класқа сондай-ақ: - тіс дәрігерлері-терапевттер, мектеп жанындағы стоматологиялық кабинеттердегі медициналық бикелер мен стоматологиялық профиль дәрігерінің тұрақты бақылауымен өздігінен жұмыс істей алатын және гигиенист-стоматологтар сияқты орта медициналық стоматологиялық персоналдың қызметі - рентген зертханалары мен басқа да диагностикалық орталықтар, қан талдауларын жүргізетін зертханалар сияқты медициналық зертханалардың қызметі - трансплантацияға арналған қан, шәует, органдар және т.б. банкілер қызметі - ұшақтарды қоса алғанда, пациенттерді кез келген санитариялық-көлік құралдарымен тасымалдау кіреді. Осы көрсетілетін қызметтерді көбінесе қиын жағдайлар кезінде жедел медициналық көмек қызметі жиі ұсынады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет ресурсынан (www.stat.gov.kz) алынған ақпарат бойынша, **Түркістан облысы** географиялық шекарасында жоспарланған тауар нарығында келесі субъектілер тіркелген:

Мемлекеттік статистика деректері бойынша, Түркістан облысының белгіленген шекаралары аумағында 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық бизнес-тіркелімнің **«Денсаулық сақтау саласындағы басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қызмет» (ЭҚЖЖ коды 86.90.9)** қызметі бойынша жұмыс істеп тұрған **253 заңды тұлға, 271 жеке кәсіпкерлік** (өтініш нөмірі: e7566469-1a62-45be-8941-fd27b22b62d6, cceddcc4-eaae-4a96-8ab2-f47f7d7a4214) тіркелген.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 – 2025 жылдар аралығында **Түркістан облысы** географиялық шекарасында *Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер. (ТЖҚК: 829919.000.000009)* сұратылған қызмет түрі бойынша **4 конкурс** өткендігі анықталды:

(https://satypalu.gov.kz/kz/search/lots?filter%5Bname%5D=&filter%5Bnumber%5D=&filter%5Bnumber_anno%5D=&filter%5Benstru%5D=829919.000.000009&filter%5Bkato%5D=610000000&filter%5Bcustomer%5D=&filter%5Bamount_from%5D=&filter%5Bamount_to%5D=&filter%5Btrade_type%5D=&filter%5Bmonth%5D=&filter%5Bplan_number%5D=&filter%5Bend_date_from%5D=&filter%5Bend_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_to%5D=&filter%5Byear%5D=2024&filter%5Bitogi_date_from%5D=&filter%5Bitogi_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_from%5D=&filter%5Bmore%5D=&smb= , https://satypalu.gov.kz/kz/search/lots?filter%5Bname%5D=&filter%5Bnumber%5D=&filter%5Bnumber_anno%5D=&filter%5Benstru%5D=829919.000.000009&filter%5Bkato%5D=610000000&filter%5Bcustomer%5D=&filter%5Bamount_from%5D=&filter%5Bamount_to%5D=&filter%5Btrade_type%5D=&filter%5Bmonth%5D=&filter%5Bplan_number%5D=&filter%5Bend_date_from%5D=&filter%5Bend_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_to%5D=&filter%5Byear%5D=2025&filter%5Bitogi_date_from%5D=&filter%5Bitogi_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_from%5D=&filter%5Bmore%5D=&smb=)

1) 2024 жылы Түркістан облысының білім басқармасының «Ордабасы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің анықталған № 12557267-1 конкурсына хабарландыру хаттамасын қарау барысында «Халыққа көрсетілетін

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

медициналық қызметтер» бойынша бағалық ұсыныстарды сұрау тәсілімен өткізілгені және ЖК «DiNaR» жеңімпаз болғаны анықталды;

2) 2024 жылы Түркістан облысының білім басқармасының «Ордабасы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің анықталған № 12557352-1 конкурсына хабарландыру хаттамасын қарау барысында «Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер» бойынша бағалық ұсыныстарды сұрау тәсілімен өткізілгені және ЖК «DiNaR» жеңімпаз болғаны анықталды;

3) 2025 жылы Түркістан облысының білім басқармасының «Қазығұрт ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің анықталған № 14811340-1 конкурсына хабарландыру хаттамасын қарау барысында «Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер» бойынша Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілгені және ЖК «МАДИНА» жеңімпаз болғаны анықталды;

4) 2025 жылы Түркістан облысының білім басқармасының «Ордабасы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің анықталған № 14961952-1 конкурсына хабарландыру хаттамасын қарау барысында «Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер» бойынша бағалық ұсыныстарды сұрау тәсілімен өткізілгені және «Klinika Aqbura» ЖШС жеңімпаз болғаны анықталды.

Алайда, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің *(бұдан әрі - Кодекс)* 99-бабы 2 тармағына сәйкес, АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Кодекстің 160-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға:

1) тегін негізде құпия медициналық зерттеп-қаралудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психоәлеуметтік, заңгерлік және медициналық консультациялар беруге;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмекке және дәрілік қамтамасыз етуге;

3) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілу тәуекелін төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға;

4) әлеуметтік құқықтық қорғауға кепілдік береді.

Кодекстің 162-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты және уақытша тұратын шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, босқындар мен пана іздеген адамдардың уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын **мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында** тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралуға және консультация алуға құқығы бар.

Сонымен қатар, Кодекстің 162-бабы 2-тармағының соңғы абзацына сәйкес, АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен **АИТВ инфекциясының**

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Басқарманың 2026 жылғы 19 ақпандағы №21/795 хатына сәйкес, АИТВ/ЖИТС профилактикалық іс-шараларын ұйымдастыру бойынша мынадай қызметтер түрін көрсетеді:

1. Халық арасында, оның ішінде АИТВ инфекциясын жұқтырудың жоғарғы қауіпіне ұшыраған халықтың негізгі топтарына жататын (ИЕТ) инемен есірткі тұтынушылар, (ЕЖЕ) ерлермен жыныстық қатынасқа түсетін ерлер арасында АИТВ инфекциясына профилактикалық, эпидемиологиялық мониторинг жүргізу, АИТВ инфекциясын алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын (СҚ) секс қызметкерлері арасында АИТВ инфекциясының таралуына профилактикалық және эпидемиологиялық бақылау жүргізу;

2. Халықтың негізгі топтарына сенім бекетерінде, достастық кабинетінде емдік профилактикалық қызметтерді ұсыну;

3. АИТВ инфекциясы анықталған ошақтарда дер кезінде эпидемияға қарсы іс шараларды, тергеп тексеруді ұйымдастыру, қарым қатынастағыларды анықтау;

4. Халықаралық ұсынымдарды қолдана ортырып Е-ШЭҚ электронды жүйесін пайдалана отырып шолғыншы эпидемиологияны қадағалауды ішінара биомінез құлықтық зерттеулер әдісімен жүргізу;

5. АИТВ инфекциясын таралуының эпидемиологиялық таралудың зертханалық кезеңінде АИТВ- ға мерезге СВГ - не серологиялық тексеру жүргізу;

6. Донорлықпен трансплантаттауда сонымен қатар тері қабаттары мен сілемейлі қабаттардың бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде инфекциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

7. АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алу;

8. Жанасуға дейінгі және жанасудан кейінгі профилактиканы ұсыну;

9. АИТВ инфекциясының профилактикалық мәселелерін білім беру жүйесінде, жұмыс орындарында интеграциялау;

10. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды үкіметтік емес ұйымдар арқылы іске асыру;

11. Мемлекттік және жекеменшік медицина ұйымдардарында АИТВ инфекциясының таралуының алдын алу үшін, мониторинг жасау және медицина қызметкерлеріне әдістемілік көмек ұсыну;

5. Түркістан облысы шекарасында **«Денсаулық сақтау саласындағы басқа топтмаларға енгізілмеген өзге де қызмет»** (ЭҚЖЖ коды 86.90.9) қызметі бойынша жұмыс істеп тұрған 253 заңды тұлға, 271 жеке кәсіпкерлік тіркелген.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 – 2025 жылдар аралығында **Түркістан облысы** географиялық шекарасында *Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер. (ТЖҚК: 829919.000.000009)* сұратылған қызмет түрі бойынша **4 конкурс** өткендігі анықталды.

Алайда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 14 қазандағы № 526 «Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесін бекіту туралы»

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

бұйрығының 2 тармағына сәйкес, Адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтыру (АИТВ), Жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромы (ЖИТС) **мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған.**

6. Қорытындының колданылу мерзімі **- 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

7. Жоғарыда айтылғандардың негізінде *Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер. (ТЖҚК: 829919.000.000009))* қызметі бойынша **Түркістан облысы** географиялық шекарасында **жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігін пайымдауға болады.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады.**

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы **Әбілда. Д. Н.**

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы **Жаманкулов. Н. А.**

Департамент басшысының орынбасары **Ахметов. Б. Е.**

Департамент басшысы **Турысбаев. А. Б.**

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 1499 от 23.02.2026 г.
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
Электронные цифровые подписи документа	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" Подпись руководителя: АХМЕТОВ БЕКСҰЛТАН MIISmgYJ...6y11BCNo= Время подписи: 20.02.2026 18:26 Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" Подпись канцелярии: ӨТЕГЕН АРАЙ MIIS6wYJ...m3bBDOBU= Время подписи: 20.02.2026 18:28 ЭЦП канцелярии: Делопроизводитель Абсадыкова Шахзода Султанахмедқызы без ЭЦП Время подписи: 23.02.2026 09:29

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Подпись канцелярии
20.02.2026 18:28 ӨТЕГЕН АРАЙ

Подпись руководителя
20.02.2026 18:26 АХМЕТОВ БЕКСҰЛТАН

Рег.№ 1499 Рег.дата 23.02.2026 Копия электронного документа. Дата: 23.02.2026 11:03. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП